

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№1 хаттамасы

05.09.2021

Қатысқаны – 11

Күн тәртібінде:

1. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қортындысы).
2. «Тіл басты байлығымыз» іс-шарасын бекіту, дайындығы.
3. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық.
4. «Алтын күз» мерекесінің бағдарламасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары яғни перспективасы, циклограмма, әдістемелік құралдары, оқу қызметтеріне қажетті көрнекі құралдар А-4 форматта балаларға оның тартымды қанық түсте болуын ескертті және оқу қызметіне қажетті құрал-жабдықтар кезекшілік бұрыштары (табиғат бұрышындағы еңбек құралдары, асханадағы кезекшілік т.б) төсек, сүлгі, шкаф, т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтерді ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті. Білім мекемелері ғимарттарының қауіпсіз әрі жанға жайлы болуы – жас ұрпақ өмірі үшін өте маңызды. «Ақ көгершін» бақшамызда да жаңа оқу жылына дайындық науқаны өз мәресіне жетті. Айтып өтетін болсақ, балабақшаның барлық топтарында әктеу, сырлау жұмыстары жүргізілді. Ойын бөлмелері жаңа ойыншықтармен жабдықталды. Ендігі жылы балалар кешенінде әртүрлі әткеншектер сырғанауға арналған төбешіктер, ойнауға арналған ойын құралдарын орнатуды жоспарлап отырмыз. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын тексеру барысында топтардағы тамақтанатын стөлдің тазалығы, шкафтардың реттелуі топтағы ілінген стенд дұрыс ойдағыдай жасалынған. Сондықтан да балабақшаға келгенде қоршаған ортасы талапқа сай болуы керек, жақсы тәлім-тәрбие алуына ықпал жасау керек. Осының барлығын ескере отырып балабақшаны жаңа оқу жылына дайын деуге болады.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері З.Абенова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде әр адам өзінің тілінің шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап құлағына сіңіруі тиіс. Себебі, тілін білген адамның ғана бойында патриоттық сезім қалыптасады. Олар елге, ұлтқа пайдалы мәселелерді қозғап, жауапкершілікті сезінеді. Өйткені мемлекеттік тіл елімізде аса маңызды да, ең өзекті мәселе. Қырық рулы қазақ елі, тілі, діні, ділі бір ұлт болып Ұлы даланы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғастырып, асқан мәрттікпен иемденіп келеді. Қазақ елі

егемендігін алғаннан бері тіл мәселесіне көп көңіл бөлінді. Өз ана тілімізді қорғайтын «Тіл туралы заң» қабылданды. Халқымыз әр жыл сайын тілдер мерекесін атап өтетін болды. Осындай іс-шара «Ақ көгершін» балабақшасының қызметкерлерінің бастауымен өткізіледі. «Тіл басты байлығымыз!» тақырыбында тәрбиеші С.Тасбулатова мерекелік іс-шара ұйымдастыруда. Топ тәрбиешілері бір апта бойы балалармен жұмыс жасап, оларға өзге тілдің бәрін білу керектігін, бірақ ана тілінді құрметтеп, мемлекеттік тілді қастерлеу керектігін тәрбие сағаттарында түсіндіріп өтпек. Біздің мақсатымыз балалардың қазақ тіліне деген жанашырлығын күшейту. Осы орайда балабақша қызметкерлері белсенділік танытуларыңызды сұраймын. Іс-шараны бекітуге болады деп есептеймін.


Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісінің м.у.а С.Жолдасова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде жел бесіктен, жер бесікке дейінгі адам өміріндегі тәрбиенің ұйтқысы ата-ана мен балабақша. Болашақ десек те, келешек десе де бала ұрпақ деген мағынаны білдіреді. Адамның өзге тіршілік иесінен айырмашылығы – дүниеге перзент әкелген соң, оның болашағын ойлау, адам етіп тәрбиелеу. Бала тәрбиесі – бір отбасының ғана емес, бүкіл қоғамның мемлекеттік абыройлы міндеті. Кезінде Әл Фараби бабамыз «Ғылым емес, ең алдымен тәрбиеге көңіл бөлу керек, тәрбиесіз адамға ғылым баянды болмайды» – демеп пе еді. Осыған орай бүкіл ата-ана тәрбиеге бет бұруы керек. Ұрпақ тәрбиесіне мүдделі екендігін ата-аналар іс-жүзінде дәлелдеп отырулары тиіс. Міне осындай ынтымақ бірлігінде ғана ойдағыдай нәтиже берері ақиқат. Сондықтанда жыл бойы жүргізілетін жұмыстарды яғни жұмыс жоспарын ата-аналармен бірлесе отырып жасаған дұрыс. Тағы да ата-аналардың ұсыныс тілектерімен санаса отырып лекциялар, әңгімелер, сұрақ-жауап, әртүрлі кештер, кеңестер ұйымдастыру керек. Ата-аналар мен балабақша қызметкерлері бала тәрбиесіне байланысты жұмыстарын бірлесе отырып жасаса одан нәтиже жақсы болары анық. Ата-аналар жиналысына дайындықты ойдағыдай жүргізу керек.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі меңгерушісінің м.у.а С.Жолдасова сөз алды. Ол кісі өз сөзінде күз – молшылықтың, байлықтың, берекенің айы. Қырман басы тазаланып, бау-бақша жиналып, құс базары тарқайтын кез. Осынау керемет мезгілді бүлдіршіндер де асыға күтеді. Табиғаттың тамаша кейіпке енетінін, бақша дақылдарының толықтай пісетінін ұнататын балақайлардың жақсы көретін мезгіліне орай балабақшамызда күз мезгіліне ертеңгілік тақырыбы: «Тіл басты байлығымыз!» ертеңгілік мақсаты: «балаларға күз мезгілі туралы кең түсінік беру, мерекелік көңіл-күй сыйлау, балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыру, жыл мезгілдерінің ерекшелігін үйрету мен табиғатты қорғауға, қастерлеуге тәрбиелеу». Бекітілген қызметкерлер сценарилерін жазып бекітуге дайындаған. Тексере келе бекітуге дайын деп есептеймін.

Шешімі:

1. Топтарда дамыту орталықтары талапқа сай толықтырылсын.
2. Тілдер мерекесіне арналған іс-шара жоспары бекітіліп, ұйымдастырылсын.
3. Балабақшада жалпы ата-аналар жиналысы жоспарға сәйкес өткізіліп, хаттамасы жазылсын.
4. «Алтын күз» мерекелік іс-шарасының сценаріі бекітілсін.

Төрайымы:



С.Жолдасова

Хатшы:



З.Абенова

Меңгеруші жанындағы кеңестің

№2 хаттамасы

15.11.2021ж

Қатысқаны – 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Тәрбиешілердің серуен бөлімдерінің дұрыс жоспарлауы» Тақырыпты тексерудің қорытындысы.
3. Тіл апталығын, «Алтын күз» мерекелерін талқылау.
4. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелерінің бағдарламасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы қанағаттанарлық деп танылды. Балабақшаға қажетті ойыншықтар, ойын алаңдары басқа да керекті заттар толығымен жабдықталды. Жалпы ата-аналар жиналысына дайындық жақсы жүрді. Ата-аналар жиналысы өз дәрежесінде ойдағыдай жүргізілді.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке дейінгі кезеңде бала қоршаған ортаны танып біледі. Баланың табиғатты танып білуге деген қызығушылығын оята отырып, педагог оны табиғатпен таныстырып қана қоймай, оны түсінуге, өсімдіктер мен жануарларды қамқорлауға, табиғаттың сұлулығын сезіне білуге үйретеді. Қарапайым экологиялық түсініктерді меңгерту баланың қоршаған орта нысандарына танымдық қызығушылығын арттырумен тығыз байланысты. Баланың танымдық дамуы ойын барысында, табиғи нысандармен құбылыстарға бақылау жасау, заттарды қарап, зертеу кезінде, табиғат пен табиғат күнтізбесіндегі ауа-райы жағдайына бақылау нәтижелерін айта білу, еңбек және басқада әрекеттер барысында жүзеге асады. Мектепке дейінгі балалық шақ кезеңінде баланың танымдық дамуы эмоционалдық қарым-қатынастар арқылы қалыптасады. Әрбір жеке бала – қоршаған ортаны қызығушылықпен қабылдайтын кішкентай зерттеуші. Бала белсенді әрекеттерге талпынады. Сондықтан да бақылау мен зерттеу сияқты әдістер балаға неғұрлым жақын болып табылады. Көрнекті психолог С.Л.Рубинштейн бақылауды баланың ойлау қабілетін дамытатын мағыналы қабылдаудың нәтижесі деп қарастырады. Бала жерде бала табиғи нысандар мен құбылыстардан нені көре алады және нені көру керек деген сұрақ туындайды. Серуен кезінде бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастыру біріншіден жоспарлау кезінде жеңілдік туғызса, екіншіден, бақылауды жүргізуге қойылатын талаптар сақталады. Серуен – мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігінің

бірі. Серуеннің мазмұны: 1. Бақылау, 2. Еңбекке баулу, 3. Қимыл белсенділігін арттыру: қимылдық, спорттық ойындармен жаттығулар, 4. Баламен жеке жұмыстар, 5. Балалардың өз бетінше әрекеті. Жоғарыда атап өткендей, мектепке дейінгі мекемеде серуенді дұрыс ұйымдастырудың маңызы ерекше. Серуеннің ұйымдастырылуын арнайы кесте арқылы талдау әдіскердің де, тәрбиешінің де жұмысын жеңілдетеді. Тәрбиеші өзіне қандай талап қойылып жатқанын біледі, және серуенді жоспарлаған да жан-жақты ескеріп отырады. Көрсетілгендей тараулар бойынша әдіскер серуенді талдағанда серуеннің барлық бөліктері ескеріледі. Серуен соңында қорытындыланып, ас қорытындымен тәрбиеші танысады және әдіскер ұсыныстар береді. Осылайша дұрыс ұйымдастырылған серуен баланың жан-жақты дамуына ықпал етеді. Осы орайда тақырыпты тексерудің қорытындысы жақсы деп есептейміз.

Үшінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол өз сөзінде тіл – әр халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы. Оны әр уақытта аялап шұбарламай, кейінгі ұрпаққа жеткізу біздің борышымыз. Міне осы бағытта балабақшада апталық ұйымдастырылып өтті. Апталықта баяндама оқылды, тәрбиеші ұстаздар көркем сөзді мәнерлеп оқыды. Мақал-мәтел жалғасын тапты. Осылай апталыққа жан-жақты атсалысып іс-шаралар өткізілді. Апта соңында мерекелік шараға әр топ бүлдіршіндердің тіл туралы тақпақ ән, мақал-мәтелдерден кеш өтті. Апталығымызды қорытындылай отырып, әр қазақ өз ана тіліне жетік білімді, тәрбиелі, мәдениетті болса деймін. Бақша дақылдарының толықтай пісетінін ұнататыны балақайлардың жақсы көретін мезгіліне орай балабақшамызда «Алтын күзім армысың!» тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте күздің берекесі мен молшылығын көрсететін көкөніс, жеміс-жидектерден түрлі зат жасалып, күзгі жапырақтармен әсем безендірілген зал балаларды өзіне еріксіз тарта білді. Кештің көркіне айналған Күз ханшайымының балаларға шаттық сыйлауының өзі керемет тосын сый болды. Күз ханшайымы ертеңгілік аясында балалармен бірлесе отырып, қойылым қойды. Қызыққа толы ертеңгілікке топ тәрбиешелері балалардың шығармашылық қабілеттерін арттыра отырып, күз туралы тақпақтармен әндерін айтқызды, көптеген би билеткізді. Мерекелік шара басырысында балапандарымыз кізгі сән үлгісін де көрсетіп, өздерін жаңа қырларынан көрсете білді. Ертеңгілік соңында балабақша меңгерушісі мерекеге арнап құттықтау сөз сөйлеп, балабақша қызметкерлеріне және тәрбиеленушілерге өз ризашылығын білдірді.

Төртінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде биыл 2021 жылдың 16 желтоқсанында Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл толмақ. Бұл мереке өте ерекше. Себебі, біздің ата-бабаларымыз бұл күнді жылдар бойы аңсаған. Сондықтан мерекені жақсылап атап өтуіміз керек. Бұл мерекеге орай құрылған сценарий жақсы бекітуге ұсынамын. Сонымен қатар Жаңа жыл мерекесіне арналған ертеңгілік іс-шарамызды бір жағадан бас, бір жеңнен қол

шығарып қызметкерлер жоғарғы дәрежеде дайындалып атап өтуіміз керек. Бұл мерекені балалар асыға күтеді. Осы мерекеге орай құрылған сценариді бекітуге болады деп есептеймін.

Шешімі:

1. Тәрбиешілер серуен бөлімдерін жоспарлы түрде жүргізілсін.
2. «Тіл апталығы», «Алтын күз» мерекелерінің іс-шара жоспары тапсырылсын.
3. Тәуелсіздік күні, Жаңа жыл мерекелері жоғарғы деңгейде өткізілсін.

Төрайымы:



С.Жолдасова

Хатшы:



З.Абенова

Меңгеруші жанындағы кеңестің №3 хаттамасы

22.12.2021 ж

Қатысқаны – 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткен мерекелерді талдау.
3. «Балалардың даму деңгейінің индикаторы» аралық мониторингтің жүргізілуі.
4. «Тәрбиеші мейірімді жүрек» тәрбиешілер сайысы.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Мерекелер өз дәрежесінде өткізілді. Балалар өздерін жақсы жағынан көрсете білді. Балабақша қызметкерлері мерекеге дайындықта белсенділік танытып, ертеңгілікті өте жақсы өткізді. Серуен – мектепке дейінгі мекемеде бала әрекетін ұйымдастырудағы режимдік сәттердің негізгі бөлігі болғандықтан балабақша тәрбиешілері серуен барысында қауіпсіздік ережелерін сақтап жоспар бойынша өткізіп келеді.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде биыл қастерлі Тәуелсіздігімізге 30 жыл толады. Бұл – қайта жаңғырған қазақ мемлекеттігінің, ата-бабаларымыз аңсаған азаттық тұғыры нығайа түскенін әйгілейтін маңызды белес. Тарих тұрғысынан алғанда, 30 жыл көзді ашып жұмғандай қас-қағым сәт. Дегенмен, бұл көптеген халықтар үшін қиындығы мен қуанышы, дағдарысы мен дамуы алмасқан тұтас дәуір деуге болады. Бізде осындай жолдан өтіп келеміз. Осы орайда балабақшамызда «Қазақстан бәрімізге ортақ» тақырыбында ересек тобында іс-шара өткізілді. Іс-шараға балалар белсене қатысты. Тәрбиеші А.Абдрасилова балалармен бірлесе жұмыс жасады. Ұйымдастырушы Ғ.Ташбаева ертеңгілікті жүргізе отырып, балалардың жақсы жақтарын ашуда белсенділік танытты. Балалар Отан, ел, жер, туған жер, тәуелсіздік туралы өлең жолдарын мәнерлеп айтты. Би билеп, өлең айтты. Іс-шара соңында балалар шығармашылықпен айналысты. Жаңа жыл ертеңгілігі шектеу шараларына байланысты топтарда жүргізілді. Жаңа жыл барша жұрт асыға күтетін, таңғажайып әрі ең көңілді отбасылық мерекелердің бірі. Көптеген елде 31 желтоқсаннан 1 қаңтарға қараған түні тойланады. Жаңа жыл әр елде ұлттық салт-дәстүрге сай тойланады, десек те, алуан түрлі ойыншықтармен безендерелген әсем шырша, түн ортасында сағаттар соғып, Жаңа жыл келгенін білдіруі, Жаңа жылдық дастархан, сыйлықтар, ғажайыптар мен жақсылыққа сену – бәрімізге ортақ. Жаңа жылдың ең маңызды дәстүрі – тілек тілеу көне ғасырлардан келе жатса да, әлі ұмытылған жоқ. Өйткені «Жаңа жыл қарсаңында қандай тілек тілесен де, әрқашан

орындалады». Осындай көңіл-күймен топ тәрбиешелері, көмекші тәрбиешелер балалармен іс-шара өткізді. Әр топта өткізілген іс-шаралар өте қызықты өтті. Кеште Аяз ата, Қаршақыз келіп балаларға сыйлық сыйлап, ойындар ойнатып іс-шараның сәнін кіргізді. Балалар өздерін жақсы жағынан көрсетіп, ойын ойнап, би билеп, тақпақ айтып, ән шырқады. Көңілдері көтеріліп, мерекелік көңіл-күйде жүрді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мектепке дейінгі білім берудің жаңа сапасына қол жеткізудің басты стратегиясы баланың дамуына диагностика және болжам жасау болып табылады. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік стандартын іске асырудың толықтығы мен сапасы әрбір баланың жетістіктерінің қорытынды диагностикасы бойынша бағаланады, ондағы іс-әрекеттің негізгі нәтижесі білім, дағдалар жүйесімен қатар дамуда ілгерілеу, оның күзіреттілігін дамыту деңгейінен көрінеді. Мектеп жасына дейінгі баланың негізгі күзіреттіліктері оның дамуының негізгі нәтижелері ретінде баланың жеке ерекшеліктерін, әлеуметтік орта ерекшеліктерін қарастырады және тұтас алғанда, оның қабілеттілігін, ықыласын, қарым-қатынастағы, іс-әрекеттегі, ақпаратпен жұмыс істеудегі, өмірде түрлі қол жетімді міндеттерді шешудің тиімді нұсқауларын таба білу белсенділігін көрсетеді. Мұнда мектепке дейінгі тәрбие сапасы нәтижесінің мақсатты бағдарлары мен көрсеткіштері ретінде баланың күзіреттілігін дамыту индикаторлары, яғни мектеп жасына дейінгі баланың тұтас даму деңгейінің көрсеткіштері болады. Мұндай жол мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне, ата-аналарға баланың жеке білім беру траекториясын құруға негіз болатын қатаң емес диагностика жүргізуге мүмкіндік береді. Балабақша топтарындағы аралық мониторингтің қорытындысы жасалып, әдіскерге тапсырылды. Ересек тобы – Ортаңғы топ – Кіші топ – Ерте жас тобы.

Төртінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде саналы тәрбие – бала өмірінің әуелгі жетістігі. Осы ұранды өз қызметтерінде ұстын еткен «Әлжан ана» бөбекжай балабақшасының тәрбиешілері өзара сайысқа түсті. Дәстүрлі байқау жыл сайын мекеменің «Үздік тәрбиешісін» анықтайды. Бүлдіршіндердің «екінші аналары» бұл сайыста 4 түрлі сыннан өтеді. Алдымен өзін-өзі таныстырды. Педагогикалық, психологиялық сауалдарға жауап берді. Содан соң қолөнер шеберлігін шыңдайтын кезеңде бақ сынап, тағы бір кезеңде би билеп, қойылым қойып, ән-жырдан шашу шашты. Тәрбиешілер номинациямен, түрлі сыйлықтармен, жүлделі орындармен марапатталды. 1 орын иегері – Алимбетова К. 2 орын иегері – Райханова Г. 3 орын иегері – Абдрасилова А. Өнерлі тәрбиеші – Ташбаева Ғ.. Қазылар алқасы дұрыс шешім қабылдап, әділ бағаларын берді. Әділ қазылар тізімі төмендегідей: 1. Абенова З – әділ-қазылар төрайымы, 2. Калжанова Н – әділ-қазылар мүшесі, 3. Балгабекова Г. – әділ-қазылар мүшесі. Дәстүрлі сайыстың тәрбиешілер үшін маңызы орасан. Тек


жеңімпаз ғана атанып қоймай, кәсіби санаттарының көтеріліп, педагогикалық шеберліктерін шыңдауға қадам жасауда.

Шешімі:

1. Мерекелік іс-шаралар жоспарлары жинақталсын.
2. Мониторингтің қорытындысы бойынша төмен нәтиже көрсеткен балалармен жұмыстар жүргізілсін.
3. «Тәрбиеші мейірімді жүрек» тәрбиешілер сайысының нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Жолдасова

З.Абенова

10.02.2022 ж

Қатысқаны – 12

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы.
3. Мерекелердің өткізілуін талдау.
4. 8 наурыз, Наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Аралық мониторингтің барлық топтар бойынша қорытындысының нәтижесі баламен жеке түзету жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы айтып өтті. Тәрбиешілерге балалар мен жұмысты ұйымдастыруда әр баланың жеке дамуының білім беру траекториясының оқу динамикасын қамтамасыз ете отырып, тәрбие мен оқыту процесін дараландыруды қамтамасыз етулерін талап етті.

Екінші мәселе бойынша меңгеруші «Балалармен гигиеналық шараларды ұйымдастыру» салыстыру тексерудің қорытындысы туралы айтып өтті. Ол кісі өз сөзінде ақпан айының он алтысы күні балабақшамызда Кіші «Қарлығаш» тобында салыстыру тексеру жүргізгенбіз. Мұндағы мақсатымыз баланың жеке басының тазалығы мен салауатты өмір салты туралы жалпы білімдерін кеңейтіп, балалардың дағдыларын жетілдіру болатын. Комиссия төрайымы өзім және мүшелері медбике қатысты. Кіші топқа өзара қатысып бақылау жүргіздік. Тексеру нәтижесінде «Балапан» тобының тәрбиеленушілері жеке бас гигиенасының бастапқы дағдыларын меңгерген, өздігінен ұқыпты тамақтанады, қасық, кесе, майлықты дұрыс және орынды қолданады. Тамақ ішер алдында беті, қолдарын жуу, қол орамал қолдану, сүлгіні өз орнына ілу сияқты дағдыларды жақсы меңгергендігін байқадық. Топта тамақтану мәдени дағдылар жақсы қалыптасқан. Балалар үстел барысында дұрыс қалыпты сақтап, асхана құралдарын дұрыс қолданып, тамақтан соң алғыс айтуды үйренген. Тексеруді қорытындылай келе ұсыныстар да айтылды.

Үшінші мәселе бойынша мерекелердің өткізілуін талдау. Сөзге кіші «Балапан» тобының тәрбиешісі Ташбаева Ғ шықты. Ол өз сөзінде Жаңа жыл мерекесі балалар үшін ең керемет мереке. Бұл мейрамның көңілді болып өтуіне балабақша қызметкерлері де ата-аналар да атсалысты. Бірақ қазіргі уақытта пандемияға байланысты мерекені барлық топ бірге өткізбей сахналық арнайы

жасалған шырша жанында бөлек өткізді. Ата-аналардың қатысуынсыз. Мен ересек «Қарлығаш» тобының өткізген Жаңа жылдық мерекелік іс-шарасы туралы айтқым келіп тұр. Кулжахан, Мақпал, Мадина апайлардың және ата-аналардың еңбегі арқасында мереке өте керемет өтті. Топтағы балалардың мерекелік киімдері талапқа сай болды. Балалар тақырыптарды орыс тілінде де жақсы айтты. Ән, билері жас ерекшеліктеріне сай таңдалған. Балалар көтеріңкі көңіл күйде отырды. Балалардың қатысуымен көріністер, ойындар да ойнатылды. Соңында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Мен алдағы уақытта апайларымызға шығармашылық табыстар тілеймін.

Сөзге ерте жас «Балдырған» тобының тәрбиешісі Райханова Гулжан шықты. Ол өз сөзінде мен ортаңғы «Балапан» тобының Жаңа жылдық ертеңгілігіне қатыстым. Қазіргі заманауи әндерге бүлдіршіндер би биледі. Өнерлерін сан қырынан көрсетті. Топтағы барлық баланы қамтып, тақпақ, әндер айтқызып ойындарды ойнатты. Мерекені жоғары деңгейде өткізді. Ортаңғы топ апайлары Айгул, Сулушаш, Мадина апайларға алғысымыз шексіз деп, сөзін аяқтады.

Сөзге ортаңғы топ тәрбиешісі Тасбулатова Сулушаш шықты. Ол өз сөзінде мен «Балапан» тобының Жаңа жыл ертеңгілік іс-шарасына қатыстым. Кішкентай бүлдіршіндер қол ұстасып «Шырша жырын» орындады. Балалар Аяз атаға тақпақтар айтып би биледі. Соңында Аяз ата мен Ақшақар балаларға сыйлықтарын тарқатты. Балалар өте көтеріңкі көңіл күйде болды.


Төртінші мәселе бойынша 8 наурыз ертеңгіліктерінің іс-шарасын бекіту туралы балабақша меңгерушісі сөз сөйледі. Ол өз сөзінде көктемнің алғашқы мерекесі 8 наурыз ардақты аналар мерекесінің іс-шарасының сценариін бекітіп мерекені жақсы дайындықпен өткізулерін қадап айтты. Осынау көркем мерекенің қай кезде де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға деген ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Сонымен қатар Ұлыстың ұлы күні Наурыз мерекесінің ертеңгілік іс-шарасын бекітуін айтты. Наурыз мерекесі айрықша тәлім-тәрбиелік, үлгі-өнегелік, сән-салтанаттық, қадір қасиеттілік белгілерімен ерекшеленетінін білеміз. Наурыз айында өтетін осы мерекелерді жоғары деңгейде өтілуін тәрбиешілер және ән жетекшісіне жүктейміз.

Шешімі:

1. Топтарда гигиеналық шаралар толығымен орындалсын.
2. Өткізілген мерекелердің кемшіліктері мен жұмыстар жүргізілсін.
3. 8-наурыз, 22-наурыз мерекесін ұйымдастырып өткізу тәрбиешілер ән жетекшісіне тапсырылсын.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Жолдасова

З.Абенова

Меңгеруші жанындағы кеңестің №5 хаттамасы

17.04. 2022ж

Қатысқаны – 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Өткізілген мерекелерді талдау.
3. Мамыр мерекелерінің іс-шараларын бекіту.
4. Өз білімін көтеру нәтижелері.
5. Қол өнер көрмесі.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақшадағы топ тәрбиешілері, көмекші тәрбиешілер балалармен гигиеналық шараларды дұрыс ұйымдастырып келеді. Балалар өздеріне қызмет жасай алады. Апайларының тапсырмаларын бұлжытпай орындап, тексеру барысында жақсы нәтиже көрсете білді. Мереке ұйымдастырушыларына балабақша меңгерушісі алғыс білдіре отырып, жұмыстардың басым көпшілігі сіздердің арқаларыңызда бітуде. Топтағы тәрбиеленуші балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсете білгендігі ол сіздердің жұмыстарыңыз.

Екінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі өткен мерекелердің қорытындысы бойынша тоқталып өтті. Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды. Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзентік борышын ұмытқан, сөйтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші. Көңілдеріңізге көктем шуағындай сезім мен нұр құйып, 8 – наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі де келді. Көктемнің шуақты күндерімен қатар келіп жатқан төл мерекелеріңіз құтты болсын! Осынау көркем мерекесін қай кезде

де орны бөлек. Олай болатыны, аналарға ыстық сезім, алғыс пен құрмет ешқашан сөнбек емес. Олар - өмірдің гүлі, көңілдің жыры, әр отбасының алтын дінгегі. Осы мерекеге орай «Ана – гүл, Ана – жыр, Ана – өмір шуағы!» атты мерекелік концерт ұйымдастырылды. Ертеңгілікке «Күн шуақ» тобының сұлу да, сымбатты қыздары қатысып сайысты. Сайыс шарттарына қыздарымыз өте жақсы дайындалған. Таныстыру, өз өнерін көрсету, сұрақ-жауап, киім үлгісі шарттарында қыздар өнерлерін көрсетіп сайысты. Сайыс соңында ақылды қыздарымыз жүлделі орындарға ие болып, сыйлықтар алып, марапатталды. Осы сайысты ұйымдастырған балабақша қызметкерлеріне айтар алғысым шексіз. Себебі біз өзіміздің жұмысымыздың жемісін көрдік. Осы ертеңгілікке үлкеннің батасын алу мақсатында ауылдағы қарт әжелерді шақырған болатынбыз. Шақыруды алған әжелер толығымен бақшамызға келді. Келіп бізді бір қуантты. Балалар өздерінің өнерлерін жақсы жағынан көрсетті. Әжелеріміз бүлдіршіндерге көрсеткен өнерлеріне алғысын білдірді. Әжелеріміз аспазшы апайдың қолынан дәмді етіп пісірілген тамақтардан дәм ауыз тиіп, арқа жарқа әңгімелесіп, бір марқайып қалды. Әжелерімізге балабақша әкімшілігі атынан сыйлыққа ақ орамал бастарына жабылды. Әжелер біздің осы жұмыстарымызға ризашылықтарын білдіріп, балабақша ұжымына баталарын берді. Наурыз – парсы сөзі. Бұл қазақша айтқанда, «Жаңа күн» деген сөз. 22 наурыз күнін «Жаңа күн» деп атаудың мәнісі неде? Оның мәнісі мынау: 21-нен 22-не қараған наурыз күні күн мен түн теңеледі. Сонан кейін күн ұзарып, жылы бола бастайды. Сондықтан 22 наурыз жаз айы болып табылады. Жаз болса, дүние жаңаланады: ағаш бүршік атып, жердегі шөптер қылтиып, малдар төлдейді. Жылдың төрт тоқсанының ішінде дүниені жасартып, жаңалайтын тоқсаны – жаз. Сол тоқсанның басы 22 наурыз болғандықтан бұл күн «Наурыз» яғни «Жаңа күн» деп аталады. Осы Наурыз мерекесіне орай балабақшамызда «Қош келдің, Әз Наурыз!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікті Мақпал апайы жүргізді. Ертеңгілікте балабақша тәрбиеленушілері әндерін айтты, билерін биледі.. Ата-аналар таң тамаша болды. Гулдана ата-анамыз Муслима қызымыздың тұсау кесер рәсімін жасаймын деп қолқа салған соң ертеңгілік барысында Муслима қызымыздың тұсауын кестірдік және үлкендердің батасын алдық. Ертеңгілік өте керемет өтті. Ата-аналар алғыстарын айтып, ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр айларындағы мерекелерді өткізуге тоқталды. Балалар өміріндегі мерекелердің маңызы – адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру құралы, әдеби шығармалар, әндер мен өлеңдер патриоттық сезімдер қалыптастырады, балалар бойында тәртіптілік, мінез-құлық, ұжымдық негіздерін, мәдениетін тәрбиелейді. Сондықтан да, мейрам күндерін балабақшаның әрбір тәрбиеленушісі асыға күтеді, өз өнерлерін жолдастарына, тәрбиешілеріне және ата-аналарына көрсетуге асығады. Осыған орай, күнтізбелік жоспар бойынша 1 мамыр – Халықаралық

ынтымақтастық күн, 7 мамыр – Қарулы күштер күні мен 9 мамыр – Жеңіс күні жоспарланған. Бұл мерекелердің басты мақсаты балаларды достыққа, Отансүйгіштікке баулу болып табылады. Мерекеге дайындық жүргізген жөн. Өтетін іс-әрекет жоспары, оқылатын әңгімелердің, жатталатын өлеңдердің жүйелерін бұзбай енгізу керек. Ескертетін басты мәселе – олардың балаларға түсінікті болуы. Сценарий жақсы құрылған. Бекітуге дайын деп ойлаймын.

Төртінші мәселе бойынша меңгеруші сөз алып, педагогтардың өз білімін көтеру нәтижелеріне тоқталды. Педагогтардың жұмыстарының сапасын жетілдіру педагогтардың әзірлік деңгейіне тікелей байланысты. Бұл деңгей және үнемі өсіп отыру да қажет. Сондықтан педагогтардың өздігінен білімін жетілдіру әрекеттерінсіз біліктілік арттыру бағытындағы әр түрлі курстар, семинарлар мен конференциялар тиімді нәтиже бере қоймайды. Өздігінен білімін жетілдіру кез келген мамандықтағы өз ісіне творчестволықпен және жауапкершілікпен қарайтын әрбір маман үшін қажеттілік болып қалыптасып отыр. Педагог бәрін де тұрақты түрде оқып-біліп отыруы тиіс, өзіндік психологиялық және интеллектуальдық ерекшеліктеріне байланысты, ақпарат көздері арқылы жұмыс жүргізу, өз қызметі мен әріптестер қызметіне талдау жасау секілді дербес еңбек процесінде қалыптасатын қасиет. Дегенмен, педагогтар өздігінен білімін жетілдіруге қаншалықты қабілетті болғанымен, бұл процесс практикада жүзеге аса бермейді. Тәрбиешілер мұның негізгі себептері ретінде уақыттың жоқтығын, ақпарат көздерінің жеткіліксіздігін және басқа да жәйттерді алға тартады. Бұл ой еңжарлығы мен жалқаулығының көрінісі десе болады, өйткені өзін-өзі жетілдіру әрбір педагогқа тән ажырамас қажеттілік болуға тиіс. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындай отырып, нәтиже шығаруда.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері балабақшадағы өткізілген қол өнер көрмесінің қорытындысына тоқталып өтті. Қызметкерлер тарапынан ұйымдастырылған қол өнер көрмесі өте жақсы өтті. Бұл қол өнер көрмесіне балабақша қызметкерлері бір кісідей атсалысып өздерінің жан-жақтылығын көрсетті. Қызметкерлер қол өнерге заманауи тұрғыда әр беріп түрлі-түсті фетрдан, тастанды заттардан, қол өнерге байланысты керекті жабдықтарды пайдалана білді. Жасалған бұйымдар өте ерекше әдемі болды. Жасалған бұйымдарды өте жақсы деп бағаладық. Өз тарапымынан ризашылығымды айтамын.


Шешімі:

1. Балаларды балабақшаға қамту мақсатында ата-аналарды балабақшада ұйымдастырылып өткізілген түрлі іс-шараларға қатысуын ұйымдастыру.
2. Ата-аналарға мереке күндерін үйде қалай атап өту керектігі жөнінде кеңес немесе дөңгелек үстел өткізуді ұйымдастыру.
3. Мамыр мерекелерінің іс-шарасы түзілсін.

4. Педагогтар өз білімін көтеру үшін тәжірибе алмасу мақсатында әдістемелік құралдарын даярласын.
5. Тәрбиешілер жан-жақты ізденіп, жұмыс жүргізсін.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Жолдасова

З.Абенова

15.07.2022ж

Қатысқаны – 11

Күн тәртібінде:

1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы.
2. Мамыр мерекелерін талқылау.
3. Жаңа оқу жылына дайындық.
4. Жазғы сауықтыру шараларының жоспарын бекіту.
5. №1 педкеңеске дайындық.

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталып өтті. Балабақша қызметкерлері белсенділік танытып, жақсы дайындалған. Соның нәтижесінде мерекелік іс-шаралар өте жақсы өтті. Балалар да өз өнерлерін ойдағыдай көрсете білді. Ертеңгіліктерде қауіпсіздік ережелері дұрыс сақталды. Педагогтарға әр түрлі тақырыптарда өз білімдерін жетілдіру жоспары берілген. Сол берілген жоспарларды орындай отырып, нәтиже шығаруда.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері сөз алды. Ол кісі өз сөзінде мамыр мерекелері туралы айтып өтті. Мамыр мерекелерін талқылайтын болсақ 9 мамыр Жеңіс күні, 1 мамыр бірлік күніне орай балабақшамызда ертеңгілік шарасы өткізілді. Ертеңгілікті Ашық есік күнімен бірге атап өттік. Ашық есік күнінің тақырыбы «Әрқашан күн сөнбесін». Мақсаты: балалардың бойында адамгершілік қасиеттерді, жақын адамдарына сүйіспеншілікті, оларға қамқорлық жасауға ынтасын, өз еліне құштарлық сезімді, оның тарихына қызығушылықты тәрбиелеуді қарастыру. Ашық есік күніне ата-аналар көптеп қатысты. Ата-аналарды тіркей отырып, қол өнер көрмесі көрсетілді. Одан соң балабақша меңгерушісі ашық есік күнінің ашылуын жүргізді. Тәрбиешілер К.Алимбетова «Қатынас», сөйлеуді дамыту, «Таным», сенсорика «Ғажайып гүлдер» тақырыбында ортаңғы «Балбөбек» тобына ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтсе. А.Абдрасилова «Қатынас», көркем әдебиет, «Таным» математика негіздері «Маша мен аю» тақырыбында ұйымдастырылған ашық оқу қызметін өтті. Ашық оқу қызметтері өте жақсы өтті. Тәрбиеші көздеген мақсатына жете алды. Ашық оқу қызметінің жоспары өте жақсы құрылған. Балалар тапсырмалардың бәрін орындап, ойынға белсене қатыса білді. Әдіскер З.Абенова «Менің мінезім» тақырыбында әдістеме жүргізді. Ата-аналар әдістеме барысында қойылған сұрақтарға ұтымды жауап беріп, белсенділік танытты. Ашық есік соңында «Ұлы жеңіс – жасасын!» тақырыбында мерекелік ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілікте балалар солдаттық форма киіп биледі. Өндерін айтты. Сахна тақырыпқа сай безендірілген. Ата-аналары балаларының өнерлерін көріп қатты қуанды. Ашық

есік күнін қорытындылау барысында ата-аналар өз ойларын айта отырып ризашылықтарын білдірді.

Үшінші мәселе бойынша меңгерушісі сөз алды. Барлық топтар жаңа оқу жылына 100%-ға дайын болуын, барлық оқу қызметінің күнтізбелік жоспары, технологиялық карталары, циклограмма, әдістемелік құралдары және оқу қызметіне қажетті құрал жабдықтар, кезекшілік бұрыштары, төсек, сүлгі, шкаф, т.б. маркировкалары сақадай сай болуын қадап айтты. Ата-аналарға арналған стендтерді ретке келтіру, балалардың бейімделу кезеңінде ата-аналармен дұрыс қарым-қатынас жасауды айтып өтті.

Төртінші мәселе бойынша әдіскер сөз алды. Жазғы мезгілде балалардың денсаулығын нығайтуға ерекше көңіл бөлінді. Жаз айларына арналған іс-шаралар жоспары түзіліп, балабақша қызметкерлері сол жоспар бойынша жұмыстар жүргізді. Тәрбиеленушілердің таза ауада көбірек болуына, қимылды ойындар арқылы қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға, спорттық ойындарға, ойын-сауықтарға үлкен мән берілді. Балабақша қызметкерлері өз жұмыстарын тиянақты жасады.

Бесінші мәселе бойынша меңгерушісі сөз алды. Ол кісі өз сөзінде №1 педагогикалық кеңеске дайындық туралы мәселеге тоқталды. Педагогикалық кеңесте оқылатын баяндаманы тәрбиеші С.Тасбулатоваға жүктеді, тәрбиешілерге пікір алмасуға дайындалуды, балабақша қызметкерлеріне көрме ұйымдастыруды тапсырды.

Шешімі:


1. Мамыр мерекелерінің сценарилері тапсырылсын.
2. Оқу тәрбие процесі мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты бойынша түзілсін.
3. Жазғы сауықтыру шараларының жүргізілуі шолу тексерудің қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
4. Тәрбиешілер №1 педагогикалық кеңеске дайындалсын.

Төрайымы:

Хатшы:



С.Жолдасова



З.Абенова